

## "Алтын-Тас" бірлескен кәсіпорны туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1994 жылғы 23 тамыз N 953

Республиканың алтын және алмас өндіру салаларын қолдау мен дамытуға бағытталған инвестициялық саясатты, оның ішінде шетел капиталын тарту арқылы жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Алтын-алмас" Ұлттық акционерлік компаниясы мен "Мунстоун холдинг Лимитед" /Австралия/ компаниясының қатысуымен "Алтын-алмас" бірлескен кәсіпорын құру туралы шарт мақұлданын.

2. "Ақбақай кен-байыту комбинаты" акционерлік қоғамы мен басқа да кен-байыту комбинаттары өндіретін алтын күшәлә қоспаларын ұқсату бойынша зауыт құрылысы;

Балқаштың батыс жағалауынан алтын, алмас және басқа да пайдалы қазбалар, кен орындарын іздестіру мен барлауды тәуекел шарты бойынша жүргізу;

барланған кен орындары шикізаттарын ұқсату мәселелері көзделген "Алтын-Тас" бірлескен кәсіпорынның құрылтай шартындағы негізгі қағидалар мен шарттарға келісім берілсін.

3. Қазақстан Республикасы Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі белгіленген тәртіппен "Алтын-Тас" бірлескен кәсіпорнына геологиялық барлау жұмыстары мен пайдалы қазбаларды өндіру үшін лицензия ресімделсін.

4. Қазақстан Республикасының өнеркәсіп және сауда министрлігі

"Алтын-Тас" бірлескен кәсіпорны жұмыс істеген кезде Қазақстан Республикасы мүдделерінің сақталуына бақылау жасауды қамтамасыз етсін.

5. Министрліктер мен ведомстволар, Жамбыл облысының әкімі "Алтын-Тас", бірлескен кәсіпорнының қызметіне байланысты мәселелерді шешуге көмек көрсетілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК